**Жамбыл облыстық қан орталығы**
**Қан тестілеу бөлімінің семинарлық хаттамасы**
**№ 16**

**18.09.2023 ж.**

**Тараз қ.**

**Қатысқандар:** ҚТБ меңгерушісі м.а. – А.Ильясова, КДБ дәрігер-трансфузиолог – А.Джаланашова, ДЖБ және ДӨББ дәрігер-терапевт – Ж.Шолпанкулова, КДБ аға – медбике – А.Суранова, ҚТБ аға – зертханашысы – Г.Елеусинова, қан орталығының зертхана – мамандары, орта және кіші қызметкерлері.

## Күн тәртібі

### Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті. Жемқорлыққа жол жоқ!

**Сөз сөйлеген**: М.Укубаева – қан тестілеу бөлімінің зертханашысы "Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Қоғамдық қасіретке әкелетін бұл материалдық құндылықтар дағдарысынан шығу және оны жою дұрыс әрекет етуден туындайтынын ұғындыру.

«Сыбайлас жемқорлық» деген не? Латын сөзі «corruptio» - «сатып алу», «пара» анықталады. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс – әрекет Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

*Жемқорлықтың зардабы:*

- Экономикалық өсу қарқынның тежелуіне
- Әлеуметтік, саяси шиеленістердің құрт асқуынуына ұрындырады.
- Жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады.

***Халықтың әлеуметтік сауалнамасының қорытындысы сауалнамаға қатысқандардың*** 54,4% — ы соңғы жылы олардың елді мекеніндегі сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны азайды деп санайды,-деп хабарлайды Opennews.kz ақпарат агенттігі.

23,9% — ы олардың елді мекеніндегі сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны жоғарырақ, 21,7% — ы өзгерістерді бағалауға қиналды деп санайды. Елдегі мәселелерді сыбайлас жемқорлық схемаларына жүгінбей шешуге болады деп есептейтіндердің үлесі (35,8%), сыбайлас жемқорлық біздің күнделікті тәжірибелеріміздің ажырамас бөлігі болып табылады деп есептейтіндердің жиынтық үлесінен екі есе төмен (56,3%).

Халықтың болжамына сәйкес, қарапайым азаматтар тарапынан үлкен сенім артатын және Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық деңгейінің

төмендеуіне ең үлкен ықпал ететін субъектілердің бестігіне мыналар кіреді: мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (68,3%), ҚР Үкіметі (56,3%), БАҚ (53,7%). Респонденттердің 77,2% соңғы 12 айда қандай да бір мәселені шешу үшін мемлекеттік органдарға жүгінгенін хабарлады. Олардың 13,4% — ы мәселені бейресми жолмен шешу қажеттігіне тап болды.

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар*

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 02.07.1998 жыл

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 18.11.2015жыл

**ДЕКЛАРАЦИЯ:**

**Қандай декларацияны толтыру керек**

Жалпыға бірдей декларация тапсырудың бастапқы сатысында барлығы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00 формасы) толтырып тапсырады. Оны бір рет қана ұсынады. Артынан жыл сайын кіріс пен мүлік туралы декларацияны (270.00 формасы) жіберіп отыру қажет. Сонда салық органдары түскен табысты қарап, бұған дейінгі декларациямен салыстырып отырады.

250 формасында қандай мәліметтер көрсетіледі

Алғашқы декларацияда біраз мәліметті көрсету керек. Олар:

Қазақстаннан тыс жердегі мүлік (жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, теңіз және әуе кемелері, көлік мен арнайы техника, тіркеуіштер, шетелдегі банктерде жатқан ақша, заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлес);

Қазақстандағы мүлік (тұрғын үй құрылысындағы үлес, бағалы қағаздар, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік нысандары, авторлық құқық, қолма-қол ақша, кредиттік қарыздар);

Сенімгерлік басқаруға берілген мүлік (жылжымайтын және жылжымалы мүлік, жер телімдері, үйлер, саяжайлар, көліктер).

**Шешім**: Жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқытық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керек.

**Хатшы** **М.Укубаева**